

Қарқынды жұмыс – табысты нәтиже

Аудан әкімі Ардақ Смаиловтың және Ақмола облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Әсел Абдрахманованың қатысуымен аудандық мәслихаттың сегізінші шақырылымының кезекті қырық екінші сессиясы өз мәресіне жетті.

Жиын барысында депутаттар 2025 жылғы бюджеттердің атқарылуы жөніндегі мәселелерді, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар қызметіне қатысты бірқатар ұйымдастырушылық және құқықтық мәселелерді қамтитын күн тәртібін қарап, бекітті.

Күн тәртібіндегі негізгі мәселе ретінде Буланды ауданының, Макинск қаласының және ауданға қарасты ауылдық округтердің 2025 жылғы бюджеттердің атқарылуы туралы есептері қаралды. Баяндамамен аудан әкімі Ардақ Смаилов, сондай-ақ Макинск қаласы мен ауылдық

округтердің әкімдері сөз сөйледі.

Талқылау барысында бюджет - ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей әсер ететін негізгі қаржылық құжат екені атап өтілді. Бюджет кірісін тиімді және нәтижелі арттыру арқылы әлеуметтік маңызы бар жобаларды жүзеге асыруға, соның ішінде ауылдық елді мекендерде инфрақұрылымды дамытуға, халықтың өмір сүру сапасын арттыруға және әлеуметтік салаларды қолдауға қосымша мүмкіндіктер ашылатыны айтылды.

Сессия барысында 2025 жылғы бюджеттердің атқарылуы жөніндегі есептер қаралып, бекітілді, атап айтқанда: Буланды ауданының, Макинск қаласының, Алтынды, Амангелді, Вознесенка, Ерголка, Журавлевка, Капитоновка, Қарамышевка, Қараөзек, Никольское, Новобратское ауылдық округтерінің.

Депутаттар бюджет қаражатын тиімді әрі ұтымды пайдалану, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар жұмысының ашықтығы мен жауапкершілігін арттырудың маңыздылығын атап өтті.

Сонымен қатар, Буланды аудандық мәслихатының



2023 жылғы 08 қыркүйектегі № 8С-8/13 «Буланды ауданы әкімдігі жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссия құру туралы» шешіміне өзгерістер енгізу мәселесі қаралды. Сондай-ақ сессияда кезекті отырысқа енгізілген негізгі мәселелер талқыланып, мәслихаттың алдағы жұмыс бағыттары айқындалды.

Жиын қорытындысында депутаттар қабылданған шешімдер ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына, бюджет саясатының тиімділігін арттыруға және халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталғанын атап өтті.

От эффективности – к социально-экономическим результатам

С участием акима района Ардака Смаилова и члена Ревизионной комиссии Ақмолинской области Асель Абдрахмановой состоялась сорок вторая очередная сессия районного маслихата восьмого созыва.

В ходе заседания депутаты рассмотрели и утвердили

по напрямую зависит социально-экономическое развитие района. Подчеркнуто, что при эффективной и результативной работе по увеличению доходной части бюджета появляются дополнительные возможности для реализации значимых социальных проектов, в том числе в сельских населенных пунктах, развития инфраструктуры, улучшения качества жизни населения и поддержки различных сфер социальной сферы.

В ходе сессии были заслушаны и утверждены годовые отчеты об исполнении бюджетов за 2025 год: Буландынского района, города Макинска, Алтындынского, Амангельдинского, Вознесенского, Ергольского, Журавлевского, Капитоновского, Карамышевского, Караозекского, Никольского, Новобратского сельских округов. Депутаты отметили важность эффективного и рационального использования бюджетных

средств, а также необходимость повышения прозрачности и ответственности в работе местных исполнительных органов.

Кроме того, на сессии было рассмотрено внесение изменений в решение Буландынского районного маслихата от 08 сентября 2023 года № 8С-8/13 «О создании комиссии по вопросам противодействия коррупции при акимате Буландынского района».

Также были обсуждены основные вопросы, внесенные на рассмотрение очередной сессии, и определены приоритетные направления дальнейшей работы маслихата.

По итогам заседания депутаты подчеркнули, что принятые решения направлены на дальнейшее социально-экономическое развитие района, повышение эффективности бюджетной политики и улучшение качества жизни населения.

А. АМАНЖОЛОВА.



Балалық шақтың жарқын мерекесі

1 маусым - Халықаралық балаларды қорғау күніне орай Макинск қаласының орталық стадионында аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен ауқымды мерекелік іс-шара өтті. Балаларға арналған думанды мереке көтеріңкі көңіл-күйге, шаттыққа, қызықты ойындар мен жарқын әсерлерге толы болды.

Таңертеңнен бастап орталық стадион нағыз балалық шақтың мекеніне айналды. Мерекенің жоғары деңгейде өтуіне табиғаттың өзі де қолдау

білдіргендей болды. Ашық аспан, жарқыраған күн сәулесі мен жаймашуақ ауа райы мерекелік көңіл-күйді еселей түсті. Стадион іші балалардың шат күлкісіне, қуанышқа толып, әрбір бұрыштан көтеріңкі көңіл-күй сезіліп тұрды.

Аудандық білім бөлімі бүлдіршіндер мен оқушылар үшін мазмұнды әрі қызықты бағдарлама дайындаған. Стадион аумағында әртүрлі тақырыптық алаңдар жұмыс істеп, әр бала өз қызығушылығына сай уақытын



тиімді өткізуге мүмкіндік алды. Сурет салу, қолөнер бұйымдарын жасау, ұлттық ойындар, спорттық жарыстар, би сайыстары, шахмат турнирлері мен зияткерлік ойындар ұйымдастырылып, балалардың шығармашылық және спорттық қабілеттерін дамытуға жағдай жасалды.

Бұл күні шығармашылық шекарасы болған жоқ, Кішкентай суретшілер өз

қиялдарын қағаз бетіне түсіріп, түрлі байқауларға қатысса, өнерге жақын балалар сахнада өз таланттарын паш етті. Әрбір қатысушыға ерекше көңіл бөлініп, олардың белсенділігі мен шығармашылығы бағаланды.

Мереке барысында балаларға түрлі сыйлықтар табысталды. Қатысушыларға сурет салуға арналған альбомдар, түрлі-түсті қарындаштар, кеңсе тауарлары

және ойындар мен байқауларда жеңіске жеткендерге бағалы сыйлықтар үлестірілді. Бұл балалардың қуанышын еселеп, мерекелік көңіл-күйін одан әрі көтере түсті.

Балалардың ерекше ықыласына бөленген мереке қонақтарының бірі - сүйікті мультфильм кейіпкерлері мен аниматорлар болды. Олар бүлдіршіндермен бірге ойын ойнап, би билеп, естелік суреттерге түсіп, мерекеге ерекше сән берді. Көптеген балалар үшін бұл күн ертегі әлеміне

саяхат жасағандай әсер қалды.

Мерекеге келген ата-аналар да бос уақыттарын балаларымен бірге қызықты өткізуге мүмкіндік алды. Стадион аумағында тәтті тағамдар, балмұздақ, сусындар мен балалар ойыншықтарының саудасы ұйымдастырылып, тұрғындарға қолайлы жағдай жасалды. Көптеген отбасылар бірге серуендеп, балалардың қуанышына ортақтасып, мерекенің әр сәтінен ләззат алды.

(Жалғасы 2 бетте).



МЕРЕКЕЛІК ІС-ШАРАЛАР – ПРАЗДНИЧНЫЕ МЕРОПРИЯТИЯ

Балалық шақтың жарқын мерекесі

(Жалғасы, басы 1 бетте).

Күннің ең жарқын сәттерінің бірі – демеушілердің қолдауымен ұйымдастырылған қайырымдылық акциясы болды. Тартылған демеушілік қаражат есебінен балаларға 1500 дана балмұздақ тегін таратылды. Сонымен қатар сурет салуға арналған альбомдар, түрлі-түсті қарындаштар, сайыстарға қатысқан балаларға сыйлықтар табыс етілді. Бұл тосынсыз

бүлдіршіндерге ерекше қуаныш сыйлап, мерекенің есте қаларлық сәттерінің біріне айналды.

Мерекелік шара барысында аудан әкімі Ардақ Смайылов балалар мен олардың ата-аналарын Халықаралық балаларды қорғау күнімен құттықтады. Өз сөзінде ол жас ұрпаққа зор денсаулық, бақытты балалық шақ, сапалы білім, биік жетістіктер мен армандарының орындалуын тіледі. Сонымен

қатар балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасап жүрген ұстаздар мен ата-аналардың еңбегіне алғысын білдірді.

Мерекенің сәнін келтірген басты шаралардың бірі – ауданның балабақша тәрбиеленушілері мен мектеп оқушылары қатысқан концерттік бағдарлама болды. Жас өнерпаздар ән айтып, би билеп, музыкалық және шығармашылық қойылымдарын

көрермен назарына ұсынды. Әрбір нөмір көрермендердің ыстық ықыласы мен зор қошеметіне ие болып, аудан балаларының талантқа бай екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Халықаралық балаларды қорғау күні – тек көңілді мереке ғана емес, сонымен қатар әрбір баланың бақытты өмір сүруге, білім алуға, шығармашылықпен айналысуға және өз қабілетін дамытуға құқығы бар екенін еске

салатын маңызды күн. Осындай игі шаралар балалардың бойындағы талантты ашуға, олардың қызығушылықтарын дамытуға және қоғамның оларға деген қамқорлығын сезіндіруге мүмкіндік береді.

Макинск қаласының орталық стадионында өткен мерекелік іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, балалар мен ата-аналарға ұмытылмас әсер сыйлады. Балалардың шат

күлкісі мен қуанышты жүздері бұл күннің басты жетістігі болды. Балалық шақтың жарқын мерекесі әрбір қатысушының жүрегінде жылы естелік болып сақталары сөзсіз.

Балалардың күлкісі ешқашан толастамасын, әр шаңырақта бақыт пен береке орнасын! Әрбір бүлдіршін мейірім мен қамқорлыққа бөленіп, арманына жететін жарқын болашаққа қадам басын!



Праздник детства, радости и счастливых улыбок

1 июня на центральном стадионе города Макинска состоялось масштабное праздничное мероприятие, посвященное Международному дню защиты детей. Организатором яркого и незабываемого праздника выступил районный отдел образования, подготовивший для юных жителей и гостей города насыщенную программу, напол-

звучал детский смех, а счастливые лица ребят и их родителей наполняли атмосферу особым теплом и добротой.

Организация мероприятия была продумана до мелочей. На территории стадиона работали многочисленные тематические площадки, где каждый ребенок мог найти занятие по душе. Для любителей творчества были

готовить свои интеллектуальные способности.

В этот день творчество действительно не имело границ. Дети рисовали, мастерили, участвовали в конкурсах, демонстрировали свои способности и получали заслуженные награды. Каждый участник мог почувствовать себя победителем, ведь организаторы подготовили множество приятных подарков и поощрений. Ребятам вручали альбомы для рисования, цветные карандаши, канцелярские принадлежности и памятные призы за активное участие в игровых и творческих программах.

Особую радость маленьким гостям подарили аниматоры и герои любимых мультфильмов. Они не только фотографировались с детьми, но и проводили веселые игры, танцы и интерактивные конкурсы. Благодаря их участию на стадионе царил по-настоящему сказочная атмосфера, которая оставила у ребят самые яркие и добрые воспоминания.

Для родителей праздник также стал прекрасной возможностью провести время вместе с детьми, отдохнуть от повседневных забот и разделить радостные моменты семейного общения. На территории стадиона была организована

торговля сладостями, прохладительными напитками, игрушками и сувенирами. Каждый мог приобрести любимые лакомства и порадовать своих детей небольшими подарками.

Одним из самых приятных сюрпризов дня стала благотворительная акция, организованная при поддержке спонсоров. Благодаря привлеченным спонсорским средствам маленьким участникам праздника было бесплатно роздано 1500 порций мороженого. Такой подарок вызвал настоящий восторг у ребят и стал еще одним ярким моментом праздничного дня.

С поздравительной речью к детям и их родителям обратился аким района Ардак Смайлов. Он поздравил юных жителей района с Международным днем защиты детей, пожелал им счастливого и беззаботного детства, крепкого здоровья, успехов в учёбе, новых достижений и исполнения самых заветных желаний. Особые слова благодарности были адресованы педагогам и родителям, которые ежедневно вкладывают силы и душу в воспитание подрастающего поколения.

Настоящим украшением праздника стал большой концерт с участием воспитанников детских садов и учащихся школ района. Юные арти-

сты продемонстрировали свои творческие способности в вокальных, танцевальных и музыкальных номерах. Каждое выступление сопровождалось бурными аплодисментами зрителей, которые с гордостью наблюдали за талантливыми детьми. Концертная программа ещё раз показала, насколько одарённым, активным и

гают детям раскрывать свои способности, находить новых друзей, чувствовать внимание и поддержку взрослых.

Праздник, организованный районным отделом образования на центральном стадионе города Макинска, прошёл на высоком организационном уровне и подарил детям и их семьям множество положительных



ненную творчеством, играми, развлечениями и приятными сюрпризами.

С самого утра городской стадион превратился в настоящий островок детства, радости и веселья. Благоволила и сама погода: ясное голубое небо и тёплое летнее солнце создавали идеальные условия для проведения праздника на открытом воздухе. Повсюду

организованы зоны рисования и декоративно-прикладного искусства, где юные художники могли проявить свою фантазию и талант. Для активных ребят проводились спортивные соревнования, эстафеты, национальные игры, танцевальные батлы и различные конкурсы. Особой популярностью пользовались шахматные площадки, где дети могли продемон-



перспективным растёт молодое поколение.

Международный день защиты детей – это не только весёлый праздник, но и важное напоминание обществу о необходимости заботы о каждом ребёнке, создании условий для его гармоничного развития, образования, творчества и самореализации. Именно такие мероприятия помо-

эмоций. Этот день стал настоящим торжеством детства, добра и счастливых улыбок, оставив в сердцах участников самые светлые и тёплые воспоминания.

Пусть каждый ребёнок растёт в атмосфере любви, заботы и внимания, а его детство будет наполнено радостью, яркими открытиями и счастливыми моментами.

А. АМАНЖОЛОВА.

Национальные символы – знак гордости и единства

В Модельной детской библиотеке проведён час информации «Национальные символы – знак гордости и единства», посвящённый Дню государственных символов Республики Казахстан. В мероприятии приняли участие учащиеся пришкольного лагеря «Достық» школы-гимназии.

Поздравила ребят с окончанием учебного года и началом летних каникул. Мероприятие началось с исполнения Государственного гимна Республики Казахстан, что создало торжественную атмосферу и напомнило участникам о важности государственных символов для каждого гражданина страны.

В ходе мероприятия был продемон-

стрирован видеоролик, рассказывающий об истории создания и значении Государственного флага, Герба и Гимна Республики Казахстан. Затем для детей была проведена викторина «Знатоки государственных символов Казахстана». Ребята активно отвечали на вопросы, проявляя хорошие знания, смекалку и искренний интерес к истории своей Родины.



В завершение мероприятия библиотекарь познакомила участников с современными книгами с 3D- и 4D-дополненной реальностью. Дети

с большим интересом рассматривали издания, в которых изображения оживают и становятся интерактивными с помощью специальных приложений. Особый интерес у ребят вызвала интерактивная книга с электронной ручкой. Проводя ручкой по страни-

цам книги, участники могли услышать звучание казахских народных мелодий на домбре, прослушать сказки в аудиоформате, узнать много интересных фактов и воспользоваться другими увлекательными возможностями издания. Знакомство с такими современными технологиями сделало чтение более ярким, познавательным и увлекательным.

Мероприятие способствовало формированию у подрастающего поколения чувства патриотизма, уважения к государственным символам Республики Казахстан, расширению кругозора, развитию интереса к чтению и знакомству с инновационными возможностями современной библиотеки.

Г. НУРКИШЕВА, старший специалист Модельной детской библиотеки.

ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ – ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ПОКОЛЕНИЙ

Мастер слова – Олжас Сулейменов

К 90-летию Олжаса Сулейменова специалисты Модельной детской библиотеки провели поэтический час «Мастер слова – Олжас Сулейменов». В мероприятии приняли участие учащиеся 6 «Б» класса Общеобразовательной школы №1. В ходе мероприятия участники познакомились с жизнью и творчеством поэта, прочитали стихи «Казахстан», «Родина», «Мой Казахстан», а также поэму «Земля, поклонись человеку!». Особое внимание было уделено книге «Аз и Я», ставшей одним из самых известных произведений автора. Ребята узнали об истории создания книги, её значении для литературы и интересе писателя к истории, языку и культуре тюркских народов. Для учащихся был организован просмотр видеоролика, посвящён-

ного творческому пути Олжаса Сулейменова. В завершение мероприятия прошла викторина «Знаюки творчества Олжаса Сулейменова», в которой школьники активно отвечали на вопросы и показали хорошие знания произведений автора. Также для учащихся была оформлена книжная выставка, посвящённая поэту, где были представлены произведения поэта, материалы его жизни и творческой деятельности. Поэтический час прошёл в познавательной и творческой атмосфере, способствуя развитию интереса к литературе и патриотическому воспитанию подрастающего поколения.

**Г. НУРКИШЕВА, старший специалист
Модельной детской библиотеки.**



Тарихтан тағылым – өткенге тағзым

Өткен аптада Модельдік орталықтандырылған аудандық кітапханада 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне арналған «Тарихтан тағылым – өткенге тағзым» атты тарихитанымдық іс-шара өтті. Шараның мақсаты – халқымыз бастан кешкен нәубет жылдардың шындығын ұрпақ санасына сіңіру, жазықсыз жапа шеккен азаматтарды еске алу және тәуелсіздіктің қадірін түсіндіру болды.

Іс-шараға аудандық Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Шахман Құсайынов, аудандық Ардагерлер кеңесінің төрайымы Биғайша Тұрғанова, қала мектептерінің тарих пәні ұстаздары, кітапхана оқырмандары, аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің басшысы Айнагүл Жүсіпова, оқушылар мен құрметті қонақтар қатысты. Кеш жүргізушісі – аудандық кітапхананың кітапханашысы Жанболат Ерген – XX ғасырдың бірінші жартысында қазақ халқы бастан өткерген ең ауыр кезеңдердің бірі – ашаршылық пен саяси қуғын-сүргін туралы сөз қозғады.

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы

ашаршылық қазақ халқының демографиялық, әлеуметтік және рухани дамуына орасан зор зиян келтірді. 1921-1922 жылдардағы алғашқы аштықтан кейін 1931-1933 жылдары орын алған алапат ашаршылық қазақ даласын бұрын-соңды болмаған қасіретке ұшыратты. Кеңестік биліктің күштеп ұжымдастыру саясаты, мал-мүлікті тәркілеу, көшпелі өмір салтын күштеп өзгерту әрекеттері халықты жаппай аштыққа душар етті. Тарихшылардың мәліметтері бойынша, осы жылдары Қазақстанда 1,5-2,3 миллионға жуық адам қаза тауып, жүздеген мың қазақ көрші елдерге босып кетуге мәжбүр болды. Нәтижесінде қазақ халқы өз жерінде азшылыққа айналуды қаупін бастан кешірді.

Ашаршылықпен қатар қазақ халқының зиялы қауымын жоюға бағытталған саяси қуғын-сүргін науқаны басталды. Ұлттың азаттығы мен тәуелсіздігін армандаған Алаш қозғалысының қайраткерлері кеңестік жүйе тарапынан қудалауға ұшырады. Қазақ мемлекеттілігінің негізін қалауға ұмтылған Алаш зиялылары халықтың білімді, мәдениетті және өркениетті ел болуын көздеді. Алай-

да олардың бұл арманы тоталитарлық билікке ұнамады.

1937-1938 жылдардағы «Үлкен террор» кезінде қазақтың маңдайалды тұлғалары – Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Халел және Жағанша Досмұхамедовтер, Мұхамеджан Тынышбаев сынды көптеген мемлекет және қоғам қайраткерлері жалған айыптармен тұтқындалып, атылды немесе лагерлерге жіберілді. Сонымен қатар Сәкен Сейфуллин, Ильяс Жансүгіров, Бейімбет Майлин сияқты әдебиет пен мәдениеттің көрнекті өкілдері де сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны болды.

Іс-шара барысында қатысушыларға саяси репрессия мен ашаршылық туралы деректі бейнеоликетер көрсетілді. Бейнематериалдар арқылы көрермендер жазықсыз құрбан болған мыңдаған адамдардың тағдырымен танысып, сол кезеңнің ауыр шындығын терең сезінді.

Кездесуде сөз алған аудандық Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Шахман Байдүйсенұлы, Ардагерлер кеңесінің төрайымы Биғайша Еслямбекқызы,

Балуан Шолақ атындағы мектеп-лицейінің тарих пәнінің мұғалімі Дәурен Мейрамулы, Макинск қ. №1 ЖББМ тарих пәні мұғалімі Айгүл Рысмұханова, Макинск қ. мектеп-гимназиясының тарих пәні мұғалімі Нурсулу Джолтаева тарихтан сабақ алудың маңызына тоқталып, тәуелсіздіктің оңайлықпен келмегенін атап өтті. Олар өткенді ұмытпау – болашақ алдындағы жауапкершілік екенін жеткізді.

Шара барысында Қазақстан аумағында орналасқан Карлаг, Степлаг және АЛЖИР лагерлерінің тарихи туралы мәліметтер берілді. АЛЖИР – «Отанын сатқандардың әйелдерінің Ақмола лагері» ретінде белгілі. Мұнда мыңдаған әйелдер ешқандай кінәсіз, тек жұбайлары «халық жауы» атанғаны үшін қамауға алынды. Олар ауыр еңбекке жегіліп, адам тәзгіз жағдайда өмір сүрді.

Тарих пәні мұғалімдерімен өткен сұхбат барысында Қазақстанның нәліктен ірі лагерлер шоғырланған өңірге айналғаны талқыланды. Кең байрақ аумақ, халықтың сирек орналасуы және орталық биліктің қатаң бақылау орнатуға ұмтылысы Қазақстан

жерін ГУЛАГ жүйесінің маңызды бөлігіне айналдырғаны айтылды.

1950-жылдардың ортасынан бастап саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау үдерісі басталды. Тәуелсіздік алғаннан кейін бұл жұмыс жаңа деңгейге көтеріліп, жазықсыз жапа шеккен азаматтардың есімдері халқымен қайта қауышты. Бүгінде олардың еңбектері зерттеліп, тарихи әділдік қалпына келтірілуде.

Іс-шара соңында қатысушылар саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық құрбандарын бір минут үнсіздікпен еске алды. Жиналған қауым халқымыздың басынан өткен нәубетті жылдардың ешқашан ұмытылмайтынын атап өтті.

«Тарихтан тағылым – өткенге тағзым» атты еске алу кеші өткеннің қасіретті беттерін зерделеп қана қоймай, жас ұрпақты ел тарихын құрметтеуге, ұлттық құндылықтарды бағалауға тәрбиелейтін тағылымды шара болды. Тарихтан сабақ алған халық қана болашағын нық қадаммен құра алады. Сондықтан ашаршылық құрбандары мен саяси қуғын-сүргінге ұшыраған Алаш арыстарының есімі ұлт жадында мәңгі сақталады.



Уроки истории – дань уважения прошлому

На прошлой неделе в Модельной централизованной районной библиотеке состоялось историко-познавательное мероприятие, посвящённое 31 мая – Дню памяти жертв политических репрессий и голода. Цель мероприятия заключалась в том, чтобы донести до молодого поколения правду о трагических событиях, пережитых нашим народом, почтить память невинно пострадавших граждан и напомнить о ценности независимости.

В мероприятии приняли участие председатель районного Совета аксакалов Шахман Кусаинов, председатель районного Совета ветеранов Биғайша Турғанова, учителя истории городских школ, читатели библиотеки, руководитель районной централизованной библиотечной системы Айнагүл Жүсіпова, учащиеся и почётные гости. Ведущая вечера – библиотечкарь районной библиотеки Жанболат Ерген – рассказала об одном из самых тяжёлых периодов в истории казахского народа первой половины XX века – голоде и политических репрессиях.

Голод 1920-1930-х годов нанёс огромный ущерб демографическому, социальному и духовному разви-

тию казахского народа. После первого голода 1921-1922 годов особенно трагическим стал массовый голод 1931-1933 годов, ставший беспрецедентной катастрофой для казахской степи. Политика насильственной коллективизации, конфискация имущества и скота, а также принудительное изменение кочевого образа жизни привели к массовому голоду населения. По данным историков, в эти годы в Казахстане погибло от 1,5 до 2,3 миллиона человек, а сотни тысяч казахов были вынуждены покинуть родину и переселиться в соседние страны. В результате казахский народ оказался под угрозой превращения в меньшинство на собственной земле.

Одновременно с голодом началась кампания политических репрессий, направленная на уничтожение национальной интеллигенции. Деятели движения «Алаш», мечтавшие о свободе и независимости народа, подверглись преследованиям со стороны советской власти. Председатели алашской интеллигенции стремились создать основы казахской государственности и видели будущее своего народа образованным, культурным

и прогрессивным. Однако эти стремления не устраивали тоталитарный режим.

В годы «Большого террора» 1937-1938 годов были арестованы, расстреляны или отправлены в лагеря многие выдающиеся государственные и общественные деятели: Алихан Букейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Миржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, братья Халел Досмұхамедов и Жағанша Досмұхамедов, Мухамеджан Тынышбаев и многие другие. Жертвами сталинских репрессий также стали выдающиеся представители литературы и культуры – Сәкен Сейфуллин, Ильяс Жансугуров и Бейімбет Майлин.

В ходе мероприятия участникам были показаны документальные видеоролики о политических репрессиях и голоде. Благодаря этим материалам зрители смогли познакомиться с судьбами тысяч невинно пострадавших людей и глубже осознать трагизм той эпохи.

Выступая на встрече, председатель районного Совета аксакалов Шахман Байдүйсенұлы, председатель Совета ветеранов Биғайша Еслямбекқызы, учитель истории школы-лицея имени

Балуана Шолака Даурен Мейрамович, учитель истории ОШ №1 г. Макинска Айгүл Рысмұханова и учитель истории школы-гимназии г. Макинска Нурсулу Джолтаева подчеркнули важность извлечения уроков из истории и отметили, что независимость досталась стране нелегко. Они напомнили, что сохранение памяти о прошлом является ответственностью перед будущими поколениями.

В рамках мероприятия также была представлена информация о лагерях Карлаг, Степлаг и АЛЖИР, располагавшихся на территории Казахстана. АЛЖИР известен как «Акмолинский лагерь жён изменников Родины». Тысячи женщин были заключены туда без какой-либо вины – лишь потому, что их мужей объявили «врагами народа». Они выполняли тяжёлый труд и жили в нечеловеческих условиях.

Во время беседы с учителями истории обсуждались причины, по которым Казахстан стал одним из крупнейших центров лагерной системы. Было отмечено, что огромная территория, низкая плотность населения и стремление центральной власти установить жёсткий контроль сделали Казахстан

важной частью системы ГУЛАГа.

С середины 1950-х годов начался процесс реабилитации жертв политических репрессий. После обретения независимости эта работа вышла на новый уровень, и имена невинно пострадавших граждан были возвращены народу. Сегодня их наследие изучается, а историческая справедливость постепенно восстанавливается.

В завершение мероприятия участники почтили память жертв политических репрессий и голода минутой молчания. Собравшиеся подчеркнули, что трагические страницы истории народа никогда не должны быть забыты.

Вечер памяти стал не только возможностью осмыслить трагические события прошлого, но и важным воспитательным мероприятием, направленным на формирование у молодого поколения уважения к истории своей страны и национальным ценностям. Только народ, извлекающий уроки из истории, способен уверенно строить своё будущее. Поэтому память о жертвах голода и репрессированных деятелях движения «Алаш» навсегда сохранится в национальном сознании.

А. АМАНЖОЛОВА.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН – ЭТО ВАЖНО ЗНАТЬ

Кеңсе тілі – қазақ тілінде

Қазақстанның әрбір азаматы мемлекеттік тілді білу арқылы еліміздегі ұлтаралық бірлікті, татулықты нығайта түсетіндегі баршаға мәлім.

Кез келген ұлттың не ұлыстың өзін өзгелерден ерекшелеп тұратын басты белгісі – тіл. Тіл мәселесі маңызды мәселелердің біріне айналды.

Бүгінгі күн бізден, яғни мемлекеттік қызмет саласында жүрген қызметшілерден ҚР Тілдер туралы Заңның орындалуын талап етеді.

Мемлекеттік тілдің заңды мәртебесін көтеруге, мемлекеттік тілдің басқару, сот тілі, яғни билік тілі ретінде маңызын бұрынғыдан да арттыра түсуге, іс жүргізуде қолданылуын қамтамасыз етуге Бұланды аудандық сот ұжымы өз үлесін қосуда. Сотқа шағым, арыздар және істер қай тілде келіп түссе, сол тілде қаралады. Егер де сот тараптары екі ұлт өкілі болса, сот мәжілісіне аудармашы қатысады.

Бұланды аудандық сотында іс жүргізу өндірісі, ішкі және шығыс құжаттары 100 пайыз қазақ тілінде жүйесі «Төрелік» ақпараттық бағдарламасына электронды түрде тіркеледі. Сот төрағасының өкімдері, жұмыс жоспарлары, сот ұжымының жедел кеңес хаттамалары мемлекеттік тілде жүргізіледі.

Сот өндірісіндегі тіл мәселесі бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Сот қызметіндегі тіл саясатының жүргізілуі мен нәтижелі жетістіктерге жетуі сот қызметіне жүгінген тараптардың ортақ іс-қимылына көп байланысты.

Құқық қорғау органынан сотқа түсетін мемлекеттік тілде рәсімделген істердің саны артса болар еді.

Бұланды аудандық сотына 2025

жылдың 12 айында 29 қылмыстық іс түсті, оның ішінде мемлекеттік тілде 1 іс, яғни 3,4 % құрайды, оның ішінде 5 іс бойынша қазақ ұлтты адамдарға қатысты, қалған істер өзге ұлт өкілдері, 662 талап арыз түсті, оның ішінде 79 талап арыз мемлекеттік тілде, яғни 12% құрайды, 546 әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс түсті, оның ішінде мемлекеттік тілде 126 іс, яғни 23 % құрайды.

2026 жылдың 4 айында 12 қылмыстық іс түсті, оның ішінде мемлекеттік тілде 1 іс, яғни 8,3 % құрайды, 272 талап арыз түсті, оның ішінде 60 талап арыз мемлекеттік тілде, яғни 22% құрайды, 165 әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс түсті, оның ішінде мемлекеттік тілде 26 іс, яғни 15,7% құрайды. Бұл сот өндірісінде мемлекеттік

тілдің қолданылуы әлі де болса төмен деңгейде екендігін көрсетеді. Оған басты себеп, ең алдымен, өндіріске түскен істердің және талап арыздардың орыс тілінде рәсімделуінен.

Статистикалық мәліметке сүйенсек жалпы қазақ тілін қолдану көбейтілген, осы бағытта жұмыс жалғаса берсе бұл қадамдармен жалпы мемлекеттік тілдің қолданысын өзгертуге алып келеді.

Мемлекеттік тілді үйрену үшін алдымен қазақ балабақшалардың саны көбеюде. Қазақ мектептерінде басқа ұлт өкілдерінің балалар санының өсуі қуанарлық жағдай.

Болашақта мемлекеттік тілді, тек қазақтар ғана емес, республикамыздағы әрбір азаматы меңгеруге тиіс, оны оқып үйренуге мемлекет тарапынан жағдайлар жасалуда.

Ана тілді қорғау, оны қолдану, дамытуға көп болып ат салысу керек, себебі ана тілді қорғау – баршамыздың қасиетті парызымыз.

Ә. ЕСҚАРА, судья.



«Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл-сүйініш, ана тілін білмей тұрып, бөтенше сөйлесең, бұл-күйініш»
Халел Досмұхамедұлы.

ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР ІСТЕРІ ЖӘНЕ ОТБАСЫЛЫҚ-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЯСАТ ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҮНДЕУІ

Құрметті қазақстандықтар!

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия жол-көлік оқиғалары салдарынан балалардың қаза болуы мен жарақат алу жағдайларының жиілеп кетуіне алаңдаушылық білдіреді.

Жаз мезгілінде балалар үйден тыс жерде көбірек уақыт өткізеді. Олар көшеде, аулада, спорт және ойын алаңдарында болады, велосипед, самокат тебеді, демалыс орындарына барады, саяхаттайды.

Сондықтан дәл осы кезеңде балалардың қауіпсіздігі ересектердің қырағылығы мен жауапкершілігіне тікелей байланысты.

Осыған байланысты Ұлттық комиссия ата-аналарды, жүргізушілерді және барша азаматтарды алдағы жазғы демалыс кезінде балалардың өмірі мен денсаулығына ерекше жауапкершілікпен қарауға шақырады.

Құрметті ата-аналар!

Балаларыңызбен жолда, аулада, су айдындары маңында және табиғат аясында өзін қауіпсіз ұстау қағидалары туралы сөйлесіңіздер. Бұл ережелерді үнемі естеріңізге салып отырыңыздар.

Балаларға жолда аса мұқият болу қажеттігін түсіндіріңіздер. Жолды тек жаяу жүргіншілер өткелімен және қауіпсіздігіне көз жеткізгеннен кейін ғана кесіп өту қажет. Ал өткелден өтпес бұрын міндетті түрде велосипедтен немесе самокаттан түсу керек.

Велосипед, самокат немесе ролик тепкен кезде балалардың қорғаныш құралдарын пайдалануын қамтамасыз етіңіздер.

Үйдегі қауіпсіздік мәселесіне де ерекше назар аударыңыздар. Терезелерді қорғаныш құрылғыларыңыз ашық қалдырмаңыздар, баланың құлап кетуіне әкелуі мүмкін жағдайларға жол бермеңіздер, сондай-ақ қауіпті заттар мен химиялық заттардың қауіпсіз орындарда сақталуын қамтамасыз етіңіздер.

Балаларды қараусыз қалдырмаңыздар, олардың қай жерде жүргенін бақылауда ұстағандарыңыз абзал. Әсіресе, кешкі уақытта балалардың ересектердің



қарауынсыз сыртта жүруіне жол бермеңіздер.

Осы қарапайым ережелер баланың ең қымбат байлығы – өмірі мен денсаулығын сақтауға көмектеседі. Құрметті жүргізушілер!

Көпшілігіңіз – ата-анасыздар, аға-әпкесіздер. Көлік тізгініне әр отырған сайын осыны есте сақтаңыздар.

Жолда, әсіресе тұрғын үйлердің маңында, аулаларда, саябақтар мен балалар алаңдарының жанында аса мұқият болыңыздар.

Жылдамдық режимін сақтаңыздар, жаяу жүргіншілер өткелі мен аулаға жақындағанда жылдамдықты төмендетіңіздер.

Көлік жүргізу кезінде мобильді құрылғыларды пайдаланудан бас тартыңыздар.

Бала көлікті байқамай қалуы мүмкін. Ал жүргізуші баланы міндетті түрде байқауға тиіс.

Балалардың өмірі Сіздің бір сәт назар аударуыңызға байланысты болуы мүмкін.

Құрметті қазақстандықтар! Балалардың өмірі мен денсаулығы – отбасының, қоғамның және мемлекеттің ортақ жауапкершілігі.

Ешқандай алдын алу шаралары ересектердің қырағылығы, жеке өнегесі мен балаларға деген жанашырлығын алмастыра алмайды.

Балаларымыздың жазғы демалысы қауіпсіз өтуі үшін баршамыз бірлесіп күш салайық.

ҚР Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия.

ОБРАЩЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ КОМИССИИ ПО ДЕЛАМ ЖЕНЩИН И СЕМЕЙНО-ДЕМОГРАФИЧЕСКОЙ ПОЛИТИКЕ ПРИ ПРЕЗИДЕНТЕ РК



Уважаемые казахстанцы!

Национальная комиссия по делам женщин и семейно-демографической политике при Президенте Республики Казахстан выражает серьезную обеспокоенность участившимися случаями гибели и травмирования детей на дорогах.

С наступлением лета дети проводят больше времени вне дома - на улицах, во дворах, спортивных площадках и в местах отдыха. Именно поэтому безопасност детей в этот период во многом зависит от внимательности и ответственности взрослых.

В этой связи, Национальная комиссия обращается к родителям, водителям и всем гражданам страны с призывом проявить особую ответственность за жизнь и здоровье детей в период предстоящих летних каникул.

Уважаемые родители!

Поговорите с детьми о правилах безопасного поведения на дороге, во дворе, у водоёмов и на природе. Регулярно напоминайте им об этом.

Объясните детям, что дорога требует полного внимания. Переходить её необходимо только по пешеходному переходу, убедившись в безопасности, а перед переходом обязательно слезть с велосипеда или самоката.

Обеспечьте детей защитной экипировкой при езде на велосипеде, самокате и роликах.

Уделите особое внимание безопасности дома. Не оставляйте открытыми окна без защитных устройств, исключите ситуации, которые могут привести к падению ребёнка, обеспечьте надёжное хранение потенциально опасных предметов и веществ.

Не оставляйте детей без присмотра, контролируйте их местонахождение. В вечернее время дети не должны находиться на улице без сопровождения взрослых.

Эти простые правила помогают сохранить самое ценное — жизнь и здоровье ребёнка.

Уважаемые водители! Большинство из вас - сами родители, старшие братья и сестры. Помните об этом за рулём.

Будьте предельно внимательны на дорогах, особенно вблизи жилых домов, дворов, парков и детских площадок.

Соблюдайте скоростной режим, снижайте скорость перед пешеходными переходами и во дворах.

Исключите использование мобильных устройств за рулём.

Ребенок может не заметить автомобиль. Водитель обязан заметить ребенка.

Жизнь детей может зависеть от одной секунды вашего внимания.

Уважаемые казахстанцы! Жизнь и здоровье детей - это общая ответственность семьи, общества и государства.

Никакие меры профилактики не заменят внимательности взрослых, личного примера и неравнодушного отношения к детям.

Давайте вместе сделаем все возможное, чтобы каникулы наших детей прошли безопасно.

Национальная комиссия по делам женщин и семейно-демографической политике при Президенте РК.

Дінаралық диалог – бейбіт өмір кепілі

Қазіргі таңда әлемде түрлі ұлттар мен дін өкілдері бір мемлекетте, бір қоғамда өмір сүріп келеді. Жаһандану дәуірінде халықтар арасындағы байланыс бұрынғыдан да күшейді. Осындай жағдайда қоғамдағы тұрақтылық пен келісімді сақтау үшін дінаралық диалогтың маңызы ерекше. Дінаралық диалог - әртүрлі дін өкілдерінің өзара түсіністікке, сыйластыққа және ынтымақтастыққа негізделген қарым-қатынасы. Ол адамдардың бір-бірінің сеніміне құрметпен қарауына, қоғамдағы татулық пен бейбітшілікті нығайтуға ықпал етеді.

Дінаралық диалогтың басты мақсаты - адамдарды жақындастыру, ортақ құндылықтарды насихаттау және өзара түсіністікті арттыру.

Әрбір дін адамзатты жақсылыққа, мейірімділікке, әділдікке және бейбітшілікке шақырады. Сондықтан әртүрлі дін өкілдерінің өзара қарым-қатынасы қоғамдағы келісім мен тұрақтылықтың маңызды факторы болып табылады. Діндер арасындағы сыйластық пен түсіністік адамдардың бір-біріне деген сенімін күшейтіп, түрлі келіспеушіліктердің алдын алуға көмектеседі.

Қазақстан - көптеген этностар мен түрлі діни бірлестіктер өмір сүретін мемлекет. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері қоғамдық келісім мен дінаралық татулықты сақтауға ерекше көңіл бөліп келеді. Қазақстанда ислам, христиандық және басқа да дін өкілдері өзара құрмет пен түсіністік негізінде өмір

сүріп келеді. Бұл еліміздегі тұрақтылық пен бірліктің басты негіздерінің бірі болып саналады.

Елімізде дінаралық диалогты дамыту бағытында көптеген маңызды шаралар жүзеге асырылуда. Соның ішінде Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі ерекше орын алады. Бұл форум әртүрлі дін өкілдерінің өзекті мәселелерді талқылауына, бейбітшілік пен келісімді нығайту жолдарын қарастыруына мүмкіндік береді. Мұндай кездесулер халықтар арасындағы достықты нығайтып, діни алауыздықтың алдын алуға ықпал етеді.

Дінаралық диалог жастар тәрбиесінде де маңызды рөл атқарады. Жастар басқа діндер мен мәдениеттер туралы дұрыс ақпарат алған кезде

олардың дүниетанымы кеңейіп, төзімділік қасиеті қалыптасады. Ал төзімділік пен сыйластық қоғамдағы тұрақтылықтың маңызды негіздерінің бірі болып табылады. Сондықтан білім беру ұйымдарында діни сауаттылықты арттыру және өзге сенім өкілдеріне құрметпен қарауды насихаттау маңызды міндеттердің бірі болып саналады.

Қазіргі әлемде кейбір радикалды көзқарастар мен діни экстремизм қауіптері кездеседі. Мұндай қауіптердің алдын алудың тиімді жолдарының бірі - дінаралық диалогты дамыту. Ашық пікір алмасу мен өзара түсіністік адамдардың бір-біріне деген сенімін арттырып, қоғамдағы алауыздықтың алдын алады. Сондықтан бейбітшілік

пен тұрақтылықты сақтау әрбір азаматтың ортақ міндеті болуы тиіс.

Қорытындылай келе, дінаралық диалог - қоғамдағы бейбітшілік пен келісімнің маңызды кепілі. Ол адамдар арасындағы өзара құрметті нығайтып, бірлік пен татулықты сақтауға ықпал етеді. Әртүрлі дін өкілдерінің бейбіт қатар өмір сүруі мемлекеттің тұрақты дамуының негізгі шарттарының бірі болып табылады. Сондықтан дінаралық диалогты қолдау және дамыту бүгінгі қоғамның маңызды міндеттерінің бірі болып қала береді.

Ұ. ШАРИПОВ, Ақмола облысы Дін істері басқармасының «Конфессияаралық қатынастарды талдау және дамыту орталығы» КММ маманы.

ХАТТАР ҚОРЖЫНЫ – ОТДЕЛ ПИСЕМ

АУДАНЫМЫЗДА «ЖАСЫЛ ЕЛ» МАУСЫМЫ РЕСМИ ТҮРДЕ АШЫЛДЫ

Буланды ауданының Жастар ресурстық орталығында «Жасыл ел» республикалық еңбек жобасының кезекті маусымының салтанатты ашылуы өтті.

Жобаның басты мақсаты – туған өлкені абаттандыру мен көгалдандыру ғана емес, сонымен бірге өскелең ұрпақты еңбекке баулу, жастар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру болып табылады. «Жасыл ел» бағдарламасы 2005 жылдан бері елімізде табысты жүзеге асырылып келеді. Осы уақыт ішінде мыңдаған жас

маусымдық жұмыспен қамтылып, елді мекендерді көгалдандыруға, абаттандыруға және қоршаған ортаны қорғауға өз үлестерін қосуда. Жоба жастардың еңбек дағдыларын қалыптастырып қана қоймай, олардың патриоттық рухын нығайтуға да ықпал етеді.

Іс-шарада «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысының жетекшісі Асхат Налшыбек спикер ретінде сөз сөйледі. Өз сөзінде ол еңбек жасақтарының сарбаздарын құттықтап, олардың аудан экологиясын сақтауға қосатын үлесінің маңыздылығын атап өтті, сондай-ақ

нәтижелі, қауіпсіз және ұйымшыл маусым тіледі.

